

## **Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамыту тұжырымдамасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 455 Қаулысы

Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамыту тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2005 - 2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі жыл сайын, жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      1 3                      м а м ы р д а ғ ы  
N                      4 5 5                      қ а у л ы с ы м е н  
мақұлданған

## **Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамыту тұжырымдамасы**

### **Кіріспе**

Табиғи монополиялар салаларына жатқызылған аяда экономиканың барлық салаларында тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге қажетті маңызды ресурстар өндіріледі. Табиғи монополиялар субъектілері көбінде газды, суды, электр және жылу энергиясын жеткізе отырып және көлік қызметтерін көрсете отырып, ел халқының тіршілік әрекетін қамтамасыз етеді. Табиғи монополиялар субъектілері өнімдерінің үлесі соңғы өнімнің өзіндік құнында 30 -70%-ке жете алады (әсіресе "көліктік" және "энергетикалық" құрамдастары). Сонымен, табиғи монополиялар субъектілерінің мәнділігі, олардың қоғамға және экономикалық

даму қарқыны мен үйлесіміне ықпал ету дәрежесі тарифтік саясатты олардың өнімдерін тұтынушылардың мүдделерін сақтау шарты жағдайында табиғи монополиялар субъектілерінің қарқынды дамуын қамтамасыз ететін баға түзу жүйелерін қолдану жағына қарай жетілдіруді талап етеді.

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне бағалар (тарифтер) серпіні ішкі экономикалық жағдаятты қалыптастырудың, дүниежүзілік рынокта отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Оған табиғи монополиялар субъектілерінің өздерінде де, басқа салаларда да табыстар мен қорлану деңгейі тәуелді, сондықтан тарифтерді қалыптастыру мәселесіне кешенді көзқарасты, табиғи монополия саласын реттеу аясында оңтайлы саясатты әзірлеуді талап етеді. Өйткені табиғи монополиялардың негізгі салаларының тарифтері бағалар мен инфляция деңгейінің мультипликаторы болып табылады, ондай болса, әлеуметтік, бюджеттік-ақшалай және экономикалық даму өлшемдерін жоспарлаумен қатар табиғи монополиялар саласында мемлекет реттейтін бағаларға қатысты тарифтік-баға саясатының өлшемдерін қалыптастыру талап етіледі.

Табиғи монополиялар салаларында 800-ге жуық табиғи монополиялар субъектілері қызметтерін жүзеге асырады, оның ішінде 162 табиғи монополиялар субъектілері - Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің республикалық бөлімінде

Монополиялық рыноктың барлық қатысушыларының (табиғи монополиялар субъектілерінің және тұтынушылардың) дамуы үшін жағдайлар жасау мемлекеттің мүддесіне сәйкес келеді, бұл ретте әл-ауқат өлшемдерін дамыған экономика деңгейіне жеткізу көзделеді. Сондықтан, шаруашылық етудің нарықтық тетігі мемлекеттік реттеу құралдарымен толықтырылады, олардың ара қатынастары шешілетін экономикалық міндеттердің сипатына және қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына

**б а й л а н ы с т ы .**

1998 жылы "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (және оған кейіннен өзгерістер мен толықтыруларды) және Қазақстан Республикасында тиісті заңға тәуелді актілерді қабылдаумен экономикалық өмірдің бірде бір пәрменді реттеушісі мен нарықтық экономикада мемлекеттік реттеудің өркениетті нысандарының негізі болған табиғи монополиялар туралы заңнаманы қалыптастыру негізінде аяқталды. 2002 жылдан бастап 2004 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 жылғы 15 қазанда N 1126 қаулысымен қабылдаған "Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002 - 2004 жылдарға арналған бағдарламасы" (бұдан әрі - Бағдарлама) ойдағыдай іске асырылды. Бағдарламаны іске асыру табиғи монополиялардың барлық салалары үшін "әділетті" тарифтер белгілеудің әдіснамалық базасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, Бағдарлама шеңберінен тыс жекелеген секторларға және тұтастай экономикаға тарифтердің әсер ету мәселелері, тарифтерді қолда бар саралау және бұл

ретте туындайтын тоғыспалы субсидиялау проблемалары қалып қойды, тарифтерді қайта теңдестіру проблемалары және табыстарды, шығыстар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды енгізу толық шешілмеді.

Осы Тұжырымдама ұйымның стратегиялық көзқарасын айқындау мен табиғи монополиялар салаларында реттеудің мемлекеттік саясатын әдіснамалық қамтамасыз ету, экономиканың барлық салаларында келісімді дамытуды ескере отырып, табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамыту жөнінде кешенді іс-шараларды жасау мен іске асыру мақсатында әзірленді. Реттеудің негізгі бағыттары мен тетіктерін әзірлеу Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін талдауға және мемлекеттік реттеудің осы заманғы проблемаларын айқындауға негізделген.

## **1. Мемлекеттің экономикалық саясатында табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің орны мен ролі**

Мемлекеттік реттеу жүйесін дамытудың осы заманғы кезеңінде экономиканың бұрынғы монополиялық секторларында нарықтық қатынастар мен бәсекелестікті дамытуға мүмкіндік беретін жағдайлармен қамтамасыз ету, әлеуетті қалпына келтіру мен инфрақұрылымдық салаларды дамытуды қамтамасыз ететін тетіктерді жасау, экономиканың нақты секторын кеңейтуге және дамытуға, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік беру, сондай-ақ халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету талап етіледі.

Кез келген мемлекеттің экономикасын экономикалық өзара қатынастарға мемлекеттік араласу дәрежесіне байланысты екі секторға шартты түрде бөлуге болады: реттелмейтін және реттелетін. Мемлекеттің экономикалық өзара қатынастарына әсер ету қажеттігі нарықтық қатынастардың, институттар мен нарықтық өзінен өзі реттеу тетіктерінің даму дәрежесіне және мемлекеттің әлеуметтік саясатының талаптарына байланысты айқындалады. Нарықтық өзін өзі реттеу тетіктері неғұрлым аз дамыса, мемлекеттің реттеуші ролі соншама мықты және мемлекеттің рынок субъектілерінің алдындағы жауапкершілігі одан биік болады.

Монополия жағдайларында қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) жеткізушінің нарықтық қатынастарға әсер ету дәрежесі осы жеткізуші және тұтынушы мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету үшін мемлекеттің араласуын талап етеді. Осындай теңгерім екі тараптың мүдделерін жиынтық талдауына негізделген баға түзу әдіснамасымен қамтамасыз етуі мүмкін: бір тараптан қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) жеткізуші үшін барлық экономикалық негізделген шығындардың жабылуы және қолданысқа енгізілген активтерге пайда нормасының өтелуі қамтамасыз етілуге тиіс, екінші тараптан тұтынушының әрбір санаты үшін сұраныстың төлемге қабілетті деңгейде қолайлы баға белгіленуге тиіс.

Сонымен қатар макроэкономикалық көзқарас тұрғысынан, әлеуметтік-экономикалық дамудың, экономикалық өсуді ынталандырудың және нақты сектор мен экономиканың инвестициялық тартымдылығының ең жақсы өлшемдеріне жету мақсатында мемлекеттіктің фискалдық және бюджеттік-ақшалай саясатымен қатар инфляцияны және экономикалық өзара қатынастарды тұрақтандыру құралы ретінде тарифтік саясат пайдаланылады.

Табиғи монополиялар субъектілері тарифтерінің (бағаларының, алымдар ставкаларының) деңгейін реттеу экономиканың барлық салаларының теңдестіріліп дамуына ықпал етудің маңызды тұтқасы болып табылады. Табиғи монополия субъектілері тарифтерінің деңгейінен тарифтер деңгейі мен басқа салалардағы пайдалылық тәуелді, ол тарифтер қалыптастыру мәселесіне, тарифтерді реттеу саласында оңтайлы және болжамды саясатты әзірлеуге кешенді көзқарасты талап етеді. Табиғи монополиялар салаларына жатқызылатын өнімдерге және қызметтерге тарифтер өзгерісінің өлшемдері республиканың әлеуметтік-экономикалық жоспарларын әзірлеу кезінде ескерілуге тиіс.

Сонымен, мемлекет жеке алынған рынок субъектілерінің (қызметтерді тұтынушылар мен монополист) арасында да, экономиканың жекелеген секторлар арасында да мүдделердің теңгерімін қамтамасыз етуге ұмтылады, ал тарифтік саясат (оның ішінде сараланған тарифтер) оңтайлығының өлшемдері экономика дамуының біріктірілген көрсеткіштері болып табылады.

Табиғи монополиялардың негізгі субъектілері тарифтерінің экономика секторларындағы бағалар мен табыстар деңгейіне мультипликативтік әсер етуін ескере отырып, тарифтік саясат соңғы жылдары:

активтердің ұдайы өндірісін қамтамасыз етпейтін деңгейде тарифтерді ұстау; тұтынушылардың топтары бойынша тарифтерді саралау арқылы халық мүдделерін және өнеркәсіптің жекелеген салаларын қорғауға бағытталған болатын.

Тарифтерді саралаудың факторлары мынадай: тұтынылатын өндірістік факторлардың саны мен сапасы бойынша әртүрлі қызметтердің өзіндік құнына әсер ететін өндірістік және іске асырылатын тарифтік саясаттың әлеуметтік және өзге қағидаттарымен шарттасқан өндірістік емес екі топқа бөлінеді. Тарифтерді саралаудың өндірістік емес факторларына тұтынушының төлем қабілеттігінің деңгейі жатады.

Іске асырылған саясат бағалардың жаппай өсуін болдырмауға, өнеркәсіпке баға қысымын төмендетуге, республика экономикасына тұрақты дамуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, табиғи монополиялар субъектілері активтерінің нақты және моральдық тозылуы жинақталды және оларды оңтайлы деңгейге дейін қайта теңдестіруді талап ететін тұтынушылардың әртүрлі санаттары үшін қызметтердің сол бір түрлеріне тарифтер деңгейлерінің едәуір айырмашылығы туындады. Тарифтерді саралаудың оңтайлы деңгейі экономиканың даму параметрлеріне олардың әсер ету өлшемдері бойынша айқындалуға тиіс. Бүгінгі күнге тиісті әдіснамалық базаның жоқтығы

пр о б л е м а

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Мемлекетте тауарлар мен қызметтерді өндірушілер мен олардың тұтынушылар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету үшін тетіктердің шектелген жинақталымы бар:

мемлекеттік субсидиялау тетігі;  
тарифтерді экономикалық негізделген саралау тетігі.

Мемлекеттік субсидиялаудың көздері республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаттары болып табылуы мүмкін. Бұл ретте, мемлекет табиғи монополия субъектісіне де, қызметтер тұтынушыларына да субсидия жасай алады. Субсидиялаудың нысандары сондай-ақ әртүрлі негізгі құралдарды сатып алуға, ақпараттық жүйелерді енгізуге арналған мақсатты субсидиялау, қызметтер тұтынушыларын атаулы субсидиялау сияқты болуы мүмкін. Субсидия қолданысының кезеңі бойынша тұрақты қолданыстағы да, және мерзімнің белгілі бір аралығына да б о л у ы м ү м к і н .

Қазіргі уақытта монополистің табыстарын және тұтынушылар шығындарын теңестірудің негізгі тетігі тұтынушылар топтары бойынша тарифтерді саралау болып табылады. Бұл тетік экономика дамуының объективті жағдайларымен шарттасқан, дегенмен экономикаға тарифтерді саралаудың әртүрлі нұсқаларының әсер ету дәрежесін ажырату қажет. Табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне тарифті кез келген саралау тұтынушылар арасында игілікті қайта бөлуге алып келеді, сондықтан макроэкономикалық көзқарас жағынан тиімді саралау тарифтерді экономикалық негізделген саралау деп аталады.

Ұзақ мерзімді тарифтерді белгілеуге одан әрі көшу және тұтынушылар мен өндірушілер мүдделерінің теңгерімін есепке алу негізінде тетіктерді іске асыру үшін тиісті әдіснамалық және ақпараттық базаны дамыту қажет. Ұдайы жаңартылатын әдістемелік және ақпараттық базаны құру көкейтестілігі, алдымен, тараптар мүдделерін неғұрлым дәл айқындау және тарифтерге жүргізілген саралау оңтайлығын айқындау үшін реттеуші орган өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық жағдайын айқындайтын көрсеткіштер туралы ақпаратқа да, осы көрсеткіштерге тарифтер деңгейінің әсерін бағалау әдістемесіне де ие болуға тиіс. Тарифтерге жүргізілген саралау оңтайлығының өлшемі сала және тұтастай экономика дамуының мақсатты экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу болады.

Экономиканың тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттің біріктіру функцияларын дамытудың көкейтесті міндеттері:

1) экономиканың әрбір аясындағы тиісті рыноктарда табиғи монополиялар салаларының, салаларды экономикалық талдау негізінде табиғи монополия саласына жататын нақты табиғи монополиялар субъектілерінің және олардың қызметтерінің ш е к а р а л а р ы н а й қ ы н д а у ;

2) реформаланатын салалардағы рынок субъектілерінің арасындағы өзара

қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

3) тарифтерді экономикалық негізделген саралауды әзірлеу және тарифтерді экономикалық негізделген саралау деңгейлеріне әсер ететін басты экономикалық көрсеткіштерді анықтау;

4) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін мемлекеттік субсидиялау тетіктерін әзірлеу;

5) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) есептеу әдістемелерін әзірлеу;

6) табиғи монополиялар субъектілері қызметтерінің ашықтығын қамтамасыз ететін тетіктерді әзірлеу;

7) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін бақылау мен аудит тетіктерін әзірлеу;

8) белгіленген тарифтердің қолдануын регламенттейтін ережелерді әзірлеу және олардың сақталуын бақылау тетіктерін айқындау;

9) экономика салаларының өзара әсер ету үлгілері мен әдістерін әзірлеу және барлық салалардың тиімді және теңдестірілген дамуын қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлеу болып табылады.

## **2. Табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдіснамасының осы заманғы жағдайы**

Мемлекет, табиғи монополиялар субъектілері және олардың қызметтерін тұтынушылары мүдделерінің теңгеріміне жету және табиғи монополия секторына инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайларды жасау мақсатында 2002 жылы тарифтік саясатты жетілдіру бағдарламасы қабылданған.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде табиғи монополия саласын реттеудің бірыңғай әдіснамасын жасау жөнінде, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін регламенттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру кезінде халықаралық практиканың тәжірибесін енгізу жөнінде шаралар қабылданған. Осы шараларды қолдану нәтижесінде табиғи монополиялар өндірісін жаңартуға инвестициялар тарту және олар ұсынатын қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасын көтеру мақсатында орташа мерзімді кезең ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтер деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болжаланған.

2004 жылғы желтоқсанда "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілері мүдделерінің теңгеріміне жетуге және табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылау мен реттеу әдістерді жетілдіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар қабылданды. Осы өзгерістер мен толықтырулар, атап айтқанда, мыналарды:

олардың тізбесін уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің шегінде жүзеге асыратын субъектілердің қызметтерін реттеуді;

уәкілетті органның ұсынылатын қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасын ескере отырып, инвестициялық тарифті, тарифтің шекті деңгейін және тарифті бекіту мүмкіндігінің пайда болуын;

табиғи монополиялар субъектілері үшін рұқсат етілген өзге қызметтің түрлерін нақтылауды;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін шектеу туралы және міндеттері туралы нормаларды нақтылауды;

табиғи монополиялардың жекелеген субъектілерін мемлекеттік реттеудің оңайлатылған тәртібін белгілеу туралы нормаларды қабылдауды;

уәкілетті органның құқықтары мен міндеттерін нақтылауды;

табиғи монополиялар субъектілері өткізетін тендерлерге қатысуға табиғи монополиялар субъектілерінің аффилиирленген тұлғалары үшін шектеу белгілеуді қамтиды.

Табиғи монополиялар субъектілері үшін тариф түзудің бірыңғай үлгісін қалыптастыру міндеттері олардың негізінде қызметтер құндылығын салалардың қызмет ету факторларымен: қайта құрылымдау процестерімен, сұраныспен, ұсыныспен және мемлекеттік реттеумен айқындау қағидаты жатқан бірыңғай ұстанымдар жағынан шешілді. Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдіру тұжырымдамасы осы факторлардың баға түзу үлгісіне әсер етуін талдау негізінде қалыптастырылады. Тарифтік саясатты жетілдіру негізіне мынадай қағидаттар таңдап алынды:

салаларды монополиясыздандыру процестерімен байланысты тарифтерді құрылымдау;

тарифтерді саралау кезінде тұтынушылар мен мемлекет мүдделерін есепке алу; өндіруші мен инвестор көзқарасынан тұтастай кәсіпорынның залалсыздануын қамтамасыз ету;

тарифтер құрылымының ашықтығы.

Тарифтерді есептеу үлгісі экономикалық негізделген ашық тарифтерді айқындауға және оларды теңгерімдік факторлардың әсер етуін есепке алу тетігі арқылы одан әрі түзету мүмкіндігін көздеуге тиіс. Реттеу практикасында осы қағидаттар тариф түзудің жаңа әдістерін, табиғи монополиялар субъектілері мен олардың тұтынушылары жай-күйінің мониторингісін енгізу және тарифтер өзгерісін талдау құралдарын әзірлеу жолымен пайдалану болжанады.

Тарифтерді есептеу мен бекіту кезінде тариф түзудің жаңа әдістері: қолданысқа енгізілген реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу әдісі; орташа мерзімді кезеңге тарифтер белгілеу әдісі қолданылады.

Су шаруашылығы, кәріз жүйелерінің және энергетика секторының субъектілері үшін тарифтер қолданысқа енгізілген реттелетін базасына пайда ставкасын есепке ала отырып бекітіледі. Энергетика секторының үш субъектісі үшін (Өскемен және Ақтөбе ЖЭО, Алматы газ желілері), сондай-ақ "Су ресурстары маркетинг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшін орташа мерзімді тарифтер бекітілген.

Пайданың ұйғарынды деңгейі қызметтерді ұсынған кезде пайдаланылатын активтердің нарықтық құнына сүйене отырып, нақты инвестициялар мен пайда ставкасы қоса есептеледі. Пайда ставкасы табиғи монополия субъектісінің салалық тиесілігін ескере отырып, анықталады.

Су шаруашылығы жүйелері үшін пайда ставкасы инвестициялау тәуекелділерін есепке алу әдісі арқылы айқындалады, энергетика секторының субъектілері үшін - капиталдың орташа өлшенген құнының әдісі пайдаланылады. Субъект неғұрлым көп инвестиция жасаса, оның пайдасы соншама жоғары болады.

Инвестицияларды тарту үшін басқа маңызды фактор орташа мерзімді кезеңге тарифтер белгілеу әдісін практикаға енгізу болып табылады.

Орташа мерзімді кезеңге тұрақты тарифтерді енгізу, оның шегінде табиғи монополиялар өзінің қызметін жүзеге асыратын тарифтер шеңберін белгілеуді көздейді. Табиғи монополия субъектілері өндіріс тиімділігін көтергеннен табыстарды дербес иеленуге мүмкіндік алатыны маңызды болып табылады.

Орташа мерзімді кезеңге тарифтер ұсыну талабы табиғи монополия субъектісінің орташа мерзімді кезеңге бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөнінде міндеттемелерді алуы болып табылады. Бұдан басқа, орташа мерзімді тарифтерді есептеген кезде қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына есептелген п а й д а е с к е р і л е д і .

Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтер деңгейін негіздеу үшін кәсіпорынның қаржы-шаруашылық жағдайының сараптамалық диагностикасының тетіктері әзірленген. Қаржы және техникалық сараптамаларды жүргізудің негізгі мақсаты табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі нәтижелерінің объективті бағасын алу, пайдаланылмаған резервтерді кешенді анықтау, шаруашылық жүйелерінің қызмет етуінің ұтымдылығына тұрақты бақылау, нормативтік актілердің сақталуын бақылау болып табылады. Қаржы және техникалық сараптама үшін ақпарат көздері бухгалтерлік есеп пен есептілігінің, статистикалық есеп пен есептілігінің, басқару есебі мен есептілігінің жүйелері және есептен тыс көздер: ревизиялардың, сыртқы және ішкі аудиттің материалдары, салық қызметінің тексеру нәтижелері, табиғи монополия субъектілерінің өндірістік кеңестерінің және құзыретті органдардың материалдары, бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады.



### 3. Табиғи монополиялар салаларының ағымды жағдайын талдау

#### Параграф 1. Темір жол көлігінің саласы

Жүк темір жол арқылы тасымалдауға арналған тарифтердің ерекшелігі темір жол көлігінің өзін өзі қаржыландыру жағдайларында жұмыс істейтін дербес сала ретінде тұрақтылық деңгейін айқындауы және басқа да негізгі салалармен қатар кәсіпорындардың және материалдық өндіріс салаларының экономикалық жағдайына ықпал етуі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004 - 2006 жылдарға арналған бағдарламасын қабылдаумен және "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 2004 жылғы шілдеде өзгерістер енгізумен "Қазақстан темір жолы Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қазақстан темір жолы ҰК" АҚ) табиғи-монополиялық қызметі мен өзге қызметінің басқа түрлерін ұйымдастыру және қаржы бөлу процесі басталды. Темір жол көлігіндегі табиғи монополияның саласына магистралдық темір жол желісінің қызметтерін (бұдан әрі - МТЖ) және кірме жолдардың қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет жатқызылған. Қалған қызмет жүктер мен жолаушыларды тасымалдауды қоса, бәсекелес салаға шығарылған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда іске асырылып отырған темір жол саласын реформалау тұжырымдамасының мәні ол қай жерде мүмкін болатын салаларға бәсекелестікті енгізу есебінен реттелетін секторды ырықтандыру мен ығыстыруға және экономикалық негізделген және тиімді баға түзу есебінен монополиялық секторды коммерциялауға (нәтижеге бағдарлау) бағытталған.

Қазақстан Республикасында 2004 жылғы 20 шілдеге дейін республикалық қатынаста тарифтер Қазақстанның аумағында тұрған станциялар арасында жүктерді тасымалдау кезінде қолданылды және уәкілетті орган белгілейтін арттыру коэффициенттерін индексациялауды және рубльдерді теңгеге қайта есептеуді ескере отырып, рубльде есептелетін "Жүктерді темір жол арқылы тасымалдауға арналған тарифтер" 1989 жылы басылып шыққан N 10-01 преysкурантының ставкалары бойынша есептелген. Мемлекетаралық қатынаста жүктерді тасымалдауға арналған жүк тарифтері "Темір жол арқылы экспорттық-импорттық жүк тасымалдауға арналған тарифтер" преysкурантының ставкалары бойынша есептелген, олар уәкілетті орган белгілейтін арттыру коэффициенттерін ескере отырып, швейцар франкісінде есептелген және 1999 жылдың 1 шілдеден бастап төлем күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша төлем валютасына есептелген.

2004 жылғы 20 шілдеден бастап жүктерді темір жолы көлігімен тасымалдау кезінде магистралдық темір жол желісінің қызметтеріне тарифтерді жүк тасымалдауға, инфрақұрылым және басқа құрамдастарға тарифтерді үйлесімді бөлу жолымен алынатын тарифтер бекітілген және қолданысқа енгізілді. Темір жол көлігімен жүктерді тасымалдауға арналған тарифтер төрт құрамдастан: магистралдық темір жол желісінің, локомотив тартымының қызметтеріне арналған тарифтерден, жүк пен коммерциялық жұмыстан және вагондар мен контейнерлерді пайдаланудан қ а л ы п т а с а д ы .

Қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік органдармен және магистралдық темір жол желісінің операторы қызметтерінің тұтынушыларымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі бекіткен МТЖ-нің қызметтеріне кіретін операциялар тізбесіне сәйкес магистралдық темір жол желісінің қызметтеріне тарифтер есептеу әдістемесінің жобасын әзірлеу жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 516-НҚ бұйрығымен кірме жолдардың қызметтеріне тарифтер есептеу әдістемесі бекітілген.

Бұл ретте, мемлекеттік реттеуге магистралдық темір жол желісінің қызметтерін пайдаланғаны үшін тасымалдаушылар жасайтын төлем жатады, темір жол тарифінің қалған құрамдастары (локомотив тартымының қызметтері мен темір жол тасымалы) бәсекелес секторға ықтимал түрде жатады, бірақ қазіргі уақытта бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамаға сәйкес мемлекет тарапынан реттеледі.

Тасымалдаудың жекелеген санаттары (қатынастар түрлері мен жүктердің тектері) бойынша бүгінгі қолда бар тарифтерді саралау:

ел экономикасы дамуының белгілі бір кезеңінде өнімді шетке шығаратын және оны ішкі рынокқа жеткізетін субъектілерге саралау көзқарасты қолдану;

көп жылдар бойы 10-01 прейскуранттың базалық ставкаларын индексациялау әдісін жүктердің жекелеген тектеріне тарифтік ставкалардың қымбаттату коэффициенттерін саралап белгілеу жолымен қолдану нәтижесінде болды.

Табиғи монополиялардың өнімдеріне бағаларды саралау әртүрлі салалардың шаруашылық белсенділігін реттеуге мүмкіндік беретін мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатының құралы болып қызмет етеді. Басқаша айтқанда, реттелетін бағалар жүйесі арқылы экономикаға ықпал ету тетігі фискалдық макроэкономикалық саясатқа қосымша болып табылады.

Қазақстанның алдағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты тарифтерді келіссөздер процесінің шеңберінде келісілген кесте бойынша республика ішінде және экспорттық-импорттық қатынастарда теңестіру жоспарланып отыр.

Магистралдық темір жол желісінің қызметтеріне 10-01 прейскуранттың тарифтерін үйлесімді бөлу жолымен енгізілген тарифтер жаңа тарифтік әдіснаманы әзірлегенге

және қабылдағанға дейін уақытша болып табылады.

Сол уақытта тарифтік реттеудің жаңа әдіснамасын енгізу бойынша бірқатар техникалық және ұйымдастыру себептері бойынша "Қазақстан темір жолы ҰК" АҚ-ның тасымалдау функцияларын "Қазжелдортранс" АҚ-на беруге дайын болмауына байланысты белгілі бір ауыртпалықтар бар. Осыған байланысты "Қазақстан темір жолы ҰК" АҚ 2007 жылғы 1 қаңтарға дейін Ұлттық тасымалдаушы болып қалады.

Сонымен бірге орташа мерзімді болашақта тарифтік саясатты жетілдіру бәсекелес ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді және барлығына: тұтынушыларға - төмен баға түрінде; реттелмейтін кәсіпорындарға - рынокты ауқымды ырықтандыру нысанында; реттелетін кәсіпорындарға - жаңа инвестицияларға және техникалық дамуына қолайлы болатын реттеудің тұрақты режимін белгілеу арқылы пайда әкеледі.

## **Параграф 2. Электр энергетикасы саласы**

Қазіргі уақытта Қазақстанда электр энергиясының, екі деңгейден - электр энергиясының көтерме сауда және бөлшек сауда рыноктарынан тұратын рыногы құрылған және қызмет етеді. Бөлшек сауда рыногында электр энергиясының бағалары сұраныс пен ұсыныстың негізінде өндірушілер арасында бәсекелес жағдайларында қалыптасады. "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 ақпандағы N 190 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы тұжырымдамасымен жеткізушілер соңғы тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу құқығы үшін бәсекелесетін электр энергиясының бәсекелестіктік бөлшек рыногына қажетті жағдайлар жасалған. Бұл ретте энергиямен жабдықтайтын ұйымдар жеткізетін электр энергиясының бағаларын дербес белгілейді. Сонымен қатар, энергия беруші ұйымның желілеріне тікелей қосылған электр энергиясының бөлшек рыногының кез келген тұтынушысы жеке алған өңірде (электрмен жабдықтаудың жеке бөлінген схемасы бар аудан, ауыл, кент) тұтынушыларды электрмен жабдықтау жөнінде қызметті жүзеге асыратын энергиямен жабдықтау ұйымдардың арасынан өзінің қарауы бойынша электр энергиясының жеткізушісін таңдай алады.

Электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер табиғи монополия саласына жатады және оларға арналған тарифтерді реттеуші орган белгілейді. Бұл ретте, Ұлттық электр желісі арқылы беруге арналған тарифтер энергия өндіруші ұйымнан тұтынушыға дейін электр энергиясын берудің қашықтығына байланысты құрамдасты қамтиды. Сондай-ақ көліктік тарифке желілердегі нормативтік техникалық ысыраптарды сатып алуға арналған шығындар енгізілген. Өңірлік электр желілік компаниялардың (бұдан әрі - ӨЭЖ) желілері арқылы беруге арналған тарифтер ("кіру" үшін тарифтер) қашықтық факторына байланысты емес, бұл ретте 2005 жылғы 1 сәуірден бастап оларда

нормативтік техникалық ысыраптарды өтеуге арналған шығындар көзделеді.

Елдің кейбір өңірлерінде электр және жылу энергиясына, су шаруашылығы және кәріз жүйелерінің қызметтеріне арналған тарифтер халық үшін өнеркәсіп есебінен субсидияланған. Табиғи монополия субъектілерінің қызметтер көрсетуге арналған шығындары халық үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға қарағанда объективті жоғары.

Осы қызметтердің әлеуметтік бағыттылығын назарға ала отырып, экономикалық негізделген саралауды кезең кезеңімен енгізу туралы шешім қабылданды. Бірінші кезең бірыңғай деңгейге дейін тарифтерді бірте-бірте теңестіруді, екінші кезеңде - экономикалық негізделген саралауды көздеген.

1999 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 983 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында 1999 - 2000 жылдарға арналған табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін реттеу тұжырымдамасы қабылданған болатын. Тұжырымдамаға сәйкес электр энергиясы бойынша тұтынушылар топтары бойынша тарифтерді негізсіз саралаудан - Ақтөбе, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында, жылу бойынша - Атырау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Алматы қаласында тарифтерді теңестіру, табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне бірыңғай тарифтерді бекіту және экономикалық негізделген саралауды енгізу жолымен кету жүзеге асыру талап етіледі. Қазақстанда экономикалық негізсіз саралаудың қолданылуын 2000 жылға дейін аяқтау белгіленген.

Дегенмен объективті себептерге байланысты электр энергиясына арналған тарифтерді экономикалық негізсіз саралау Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарында сақталған. Жылу энергиясы бойынша Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында.

Негізсіз саралауды сақтау өнеркәсіптің тиімді дамуына кедергі жасайды. Өнеркәсіптік кәсіпорындар жылу мен электр энергиясына арналған тарифтер арқылы басқа тұтынушыларды, атап айтқанда, халықты субсидиялап, негізсіз жоғары шығындарды көтеруде, ол өз кезегінде осы кәсіпорындар өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінде жағымсыз көрініс береді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 217 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 3 ақпандағы N 30-НҚ бұйрығымен бекітілген табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) орташа мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту және енгізу жөнінде нұсқаулық әзірленді және қолданысқа енгізілді. Орташа мерзімді кезеңге арналған тариф түзу әдіснамасын енгізу энергетика саласына инвестицияларды ынталандыруға бағытталған болатын. Сонымен бірге, бүгінгі күнге орташа мерзімді кезеңге арналған тариф түзу әдіснамасы жеткіліксіз шамада іске асырылуда. Осы әдіснаманы электр энергетикасы саласында неғұрлым кеңінен енгізу

мақсатында оны одан әрі жетілдіру, орташа мерзімді тарифтерді белгілеу тәртібін және осы тарифтер бойынша субъектілердің жұмыс атқаруын оңайлату мүмкіндігін қарау қ а ж е т .

Электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда рыноктарының қызмет ету саласындағы бірқатар нормативтік құқықтық актілер әзірленді. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтары жүргізіледі.

Электр энергетика саласының негізгі проблемалары.

1. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 334-НҚ бұйрығымен бекітілген қолданылып жүрген кернеу кластары бойынша өңірлік және/немесе жергілікті деңгейлердің желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тариф есептеу әдістемесіне сай барлық тұтынушылар өнеркәсіптік те, тұрмыстық та бәріне бірдей "кіру үшін" тарифті төлейді, бұл ретте тарифтерді экономикалық негіздеген саралау қағидаттары жоқ.

2. Электр және жылу желілік шаруашылықты жаңғыртуға және жаңартуға инвестицияларды тартудың төменгі деңгейі. Атап айтқанда, көптеген қалаларда жылумен жабдықтау жүйелерінің тозу деңгейі сыни деңгейге жетті, оның ішінде төмендетілген тарифтер нәтижесінде, осының барлығы жылу энергиясының нормативтен тыс ысыраптардың деңгейін ұлғайтуға алып келеді. Техникалық стандарттарды қалпына келтіру үшін, жылуландыру жүйесіндегі техникалық ысыраптардың деңгейін қоса, ең қысқа мерзімде күрделі жөндеуге және жылу желілерін айырбастауға ауқымды инвестицияларды тарту қажет.

3. Ұлттық электр желісінің (бұдан әрі - "KEGOC" АҚ) қызметтеріне арналған тарифтер есептеу әдіснамасының жетілмегені. Осы уақытта "KEGOC" АҚ-ның қызметтеріне арналған тарифтердің деңгейі электр энергиясын беру қашықтығына байланысты. Электр энергиясы рыногының тиімді қызмет етуі және оны одан әрі дамыту үшін Ұлттық желісі арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған тариф түзу рынокқа қатысушылар үшін кемсітілмейтін болуға тиіс. Осыған байланысты ұлттық электр желісінің ("KEGOC" АҚ) қызметтеріне арналған тарифтер есептеудің әдіснамасын "KEGOC" АҚ тарифі деңгейінің электр энергиясын беру қашықтығына тәуелділігін төмендету бөлігінде жетілдіру қажет.

4. Электр және жылу энергиясын аралас өндіру кезінде ЖЭО өндіретін электр энергиясының бәсекеге қабілеттілігін қолдауды ескере отырып шығындарды негіздеп б ө л у п р о б л е м а с ы .

Негізсіз саралауды жою және тарифтерге экономикалық негізделген саралауды енгізу, біріншіден, қолданыстағы заңнаманың талаптарын және Қазақстан Республикасының тарифтік саясатының қағидаттарын орындауға, екіншіден өнеркәсіп өндірісі өнімінің өзіндік құнының экономикалық негізделген төмендеуіне және тиісінше оның бәсекеге қабілеттілігінің көтерілуіне жәрдемдеседі.

### Параграф 3. Телекоммуникация саласы

Республиканың телекоммуникация қызметтерінің рыногы соңғы жылдары прогрессиялық өсуін көрсетеді, тұтастай елдің экономикалық өсуі жалпы үрдістермен де, Қазақстан Республикасының Үкіметі 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген Телекоммуникация саласын дамытудың 2003 - 2005 жылдарға арналған бағдарламасының іс-шараларын іске асыру нәтижесінде салаға жүргізіліп отырған ырықтандырумен де, сөзсіз, байланысты.

Осы бағдарламаға сәйкес 2004 жылдың ішінде телекоммуникация рыногын ішінара ырықтандыру кезең жүзеге асырылды. "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды және "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қағидатты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оларды іске асыруға монополиядан өтуге және бәсекелестікті белсенді көтермелеу мен дамытуға бағдарланған телекоммуникация саласын мемлекеттік реттеудің жаңа үлгісінің негізін іс жүзінде салған бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қабылданды.

Барлық заңнамалық пен нормативтік құжаттарда ұлттық оператор ұғымы алынып тасталды, барлық операторлар өздерінің құқықтарында және міндеттерінде теңестірілді . 2004 жылдың аяғында "Қазақтелеком" акционерлік қоғамынан (бұдан әрі - "Қазақтелеком" АҚ) эксклюзивтік лицензиясын кері қайтарып алумен және қалааралық пен халықаралық байланыстың жаңа баламалы операторларына лицензиялар берумен қалааралық және халықаралық байланыстың бұрынғы монополиялық рыногы бәсеке үшін ашылды. Республика байланысының абоненттері мен операторларында қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерін алуда және қалааралық пен халықаралық байланыс операторларының желілері арқылы өзінің трафигін бағыттауда таңдау мүмкіндігі туындады .

Операторлар желілерін тек қана "Қазақтелеком" АҚ-ның желісі арқылы қосудың бұрын болған талабының күші жойылды, байланыс операторларында, ұялы байланыс операторларының халықаралық трафигінің транзитін қоспағанда бір біріне өзара қосылу схемаларын еркін таңдау құқығы пайда болды. Жаңа операторлар үшін желіге қосылу үшін кемсітпеушілік жағдайлар жасайтын және басым операторлары үшін қосылудың міндетті қағидатын іске асыратын Жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне телекоммуникациялар желісін қосу және жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желісі арқылы трафикті өткізуді реттеу ережесіне Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 3041 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 145-п бұйрығымен өзгерістер енгізілген. Қосылатын операторлар трафигінің өсуін ынталандыруға, бұл жағдайда тарифтік бөлуде олардың

үлесі ұлғайтуға бағытталған Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 қарашадағы N 438-НҚ бұйрығымен бекітілген байланыстың дәстүрлі қызметтері операторларының арасында өзара есеп айырысулардың жаңа әдістемесі қабылданды.

Телекоммуникациялардың әмбебап қызметтері табиғи монополия саласына кірмейді, бұл ретте осы қызметтерге арналған тарифтер Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілуге жатады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысымен бекітілген Телекоммуникациялар әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта теңдестіру жоспарында жергілікті телефон байланысының рыногында бәсекелестіктің туындауына экономикалық негіз жасайтын қызметтер мен абоненттер санаттарының арасында кросс-субсидиялауды кезең кезеңімен жою к ө з д е л г е н .

2004 жылғы қазанда әмбебап қызметтерге тарифтерді қайта теңдестірудің бірінші кезеңі жүзеге асырылды, оларға сәйкес абоненттік төлем қалалық жердегі жеке тұлғалар үшін барлық бағыттарға халықаралық телефон байланысының қызметтеріне арналған тарифтердің бір уақытта 20 % төмендеуімен 20 % көтерілуі жүзеге асырылды. Жергілікті байланыс қызметінің ауылдық жердегі тұрғындар үшін әлеуметтік маңыздылығына орай осы қызметтерге арналған тарифтер бұрынғы деңгейде қалуда, бұл ретте ауылда жергілікті телефон байланысының қызметін көрсететін операторлардың шығындары әмбебап қол жеткізу тетігінің шеңберінде жабылады.

Телекоммуникация саласын ырықтандыру аясында мемлекеттік саясаттың іс-шараларын іске асыру нәтижесінде табиғи монополия саласының объективті ығысуы болады, онда енді байланыс операторлары соңғы пайдаланушыларға көрсететін телекоммуникациялар қызметтері іс жүзінде болмайды. Табиғи монополия саласында операторлар трафигін қосу мен өткізу жөніндегі қызметтер, телекоммуникациялар желілерін жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне қосу мақсатында кабельдік арнаны және технологиялық мүлікті жалға беруге немесе пайдалануға ұсыну қызметтері қалады. Бұл жағдай 2005 жылдың аяғына дейін "Қазақтелеком" АҚ-ның эксклюзивтік құқығының екі белгісін: ұялы байланыс операторларының халықаралық трафигінің транзитін және өздерінің абоненттеріне халықаралық пен қалааралық телефон байланысының қызметтерін ұсынуды сақтаумен, сондай-ақ операторлық сегментте бәсекелестікті дамыту үшін белгілі өту кезеңінің және жаңа біріктіру базаның негізінде оператораралық өзара қатынастарды қалыптастыру, операторлардың табыстарын, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерін бөлектеп есепке алу деректерінің негізінде оператораралық қызметтерге тариф түзуге көшу қажеттігімен ш а р т т а с қ а н .

Бұдан басқа, ұялы байланыс сегментінің дамуын атап өтпеуге болмайды, оның қызметтерінің рыногы қазірдің өзінде дәстүрлі телефон рыногымен салғастыруға б о л а д ы .

Бөлектеп есепке алуды енгізу нәтижелері және оны енгізу мен жүргізу сыпайылығының тиісті тексерудің болмауы, осы уақытта тиісті түрде реттеліп көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын айқындауға және тиісінше экономикалық негізделген тарифтерді белгілеуге мүмкіндік бермейді. Осы жағдай сондай-ақ байланыс операторларының желілері арқылы трафикті өткізу жөніндегі қызметтердің есептік тарифтерін (ставкаларын) қалыптастыруға және белгілеуге жатады. Осы уақытта пайдаланылатын көзқарас трафиктің нақты түрлерін өткізуде байланыс операторлары желілерінің техникалық элементтерінің қатысу үлесін айқындауға негізделген. Бұл ретте, қазірден бастап осындай көзқарас аса оңтайлы болып табылмайтыны белгілі және таяу арада көптеген операторлар шығындарды бөлектеп есепке алуды енгізуді аяқтағаннан кейін бөлектеп есепке алу деректерінің негізінде байланыс операторларының трафикті қосуға және өткізуге тарифтерді есептеудің әдіснамасына көшіруді жүзеге асыру қажет.

#### **Параграф 4. Құбыр өткізу мен су кәріздері жүйелері саласы**

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистралдық құбыр өткізгіштері арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын кәсіпорындар қаржылай тұрақты болып табылады, таза табыс деңгейінің жағымды серпінімен және ұсынылатын қызметтер көлемдерінің тұрақтылығымен сипатталады. Газды немесе газ конденсатын сақтау, магистралдық және (немесе) бөлуші құбыр өткізгіштері арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын кәсіпорындардың қаржы жай-күйі сондай-ақ жағымды тұрғыдан бағаланады.

Су шаруашылықтары және (немесе) кәріздер жүйелерінің саласын реттеу аясында қалыптасқан жағдай экономиканың су секторында мемлекеттің саясатын одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Осы саладағы табиғи монополия субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеудің негізгі проблемаларының бірі Қазақстан Республикасының заңнамасында коммуналдық сумен жабдықтау және су тарту саласында мемлекеттік саясатты жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органды айқындайтын нормалардың жоқтығы болып табылады, онсыз барлық су арналары үшін сумен жабдықтау және су тарту кәсіпорындарының қызметін ұйымдастыру негіздерін айқындайтын нақты нормативтік құқықтық базадан бастап осы сектордың мемлекеттік стратегиялық дамуымен аяқталатын көптеген проблемалар шешілмеген күйде қалуда.

Су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелерінің қызметтерін көрсететін көптеген кәсіпорындар бүгінгі күнге қаржы тұрақтылығының төмен дәрежесімен сипатталады және залалды болып табылады.

Осы жағдайда проблема су шаруашылықтары және (немесе) кәріздер жүйелерінің қызметтеріне арналған кәсіпорындар тарифтерінің және халық табыстарының (осы



кәсіпорындардағы менеджмент деңгейін назарға алмай) арақатынасына негізделеді.

Халықтың шектелген төлем қабілеттілігі жөндеуге және инфрақұрылымды дамытуға қажетті көлемде күрделі қаржы жұмсалымын - қаржыландыру тарифтерге енгізуге мүмкіндік бермейді, өйткені бұл олардың көбінесе едәуір өсуіне әкеп соғады. Бұл ретте сумен жабдықтау кәсіпорындарының негізгі қорларының тозуы (2001 жылғы 50 % қарағанда 2003 жылы республика бойынша орта есеппен 62 % болды) өз кезегінде ысыраптың өсу себебі (республика бойынша орта есеппен 32 %-дан астам) және оның салдары ретінде көрсетілетін қызметтер сапасының төмендеуі болып табылады.

Бұдан басқа, жағымсыз жақтардың бірі осы қызметтерді тұтыну көлемдерінің қысқаруына (республика бойынша орта есеппен 51 %-ға жуық) байланысты өндірістік қуатты пайдаланудың төменгі дәрежесі болып табылады.

Қазіргі сәтте әртүрлі халықаралық қаржы институттары сумен жабдықтау жүйелерінің жаңаларын салу және жұмыс істейтіндерін жаңғырту жөніндегі, сондай-ақ тұтастай осы сектордың қызметін жетілдіру жөніндегі жобаларды іске асыруда, дегенмен коммуналдық сумен жабдықтау және су секторын қоса, экономиканың су шаруашылығы саласының жұмыс істеуінің және оны дамытудың стратегиялық бағыттарын, ел экономикасының ерекшеліктерін және ағымды жағдайын ескере отырып айқындайтын бірыңғай мемлекеттік саясат жоқ.

Өзінің функционалдық ерекшеліктері, технологиясы, ауқымдары, жеткізушілер мен тұтынушылардың сипаттамалары, сондай-ақ қызметтердің көптеген басқа өлшемдері бойынша қызметтердің әртүрлі кең спектрін қамтитын "су шаруашылықтары және (немесе) кәріздер жүйелерінің қызметтері" ұғымын жан-жақты нақтылау мәселесі маңыздылық дәрежесі бойынша ерекше орын алады.

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мен бақылау олар көрсететін қызметтердің ерекшеліктерін, су шаруашылықтары және (немесе) кәріздер жүйелерінің саласына жатқызылған, реттеліп көрсетілетін қызметтердің заңнамада көзделген тәртіппен бекітілген тізбесінің болмауын ескере отырып жүзеге асыруға тиіс экономика су секторының табиғи монополиялар салаларына барлық қатысушылардың мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ететін тиімді тарифтік саясатты жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік реттеу монополист-кәсіпорындар жүзеге асыратын қызметтер түрлерінің ерекшеліктерін ескеруге тиіс. Бүгінгі күнге су шаруашылықтары және (немесе) кәріздер жүйелерінің саласына жатқызылған қызметтер түрлері айқындалмаған. Бұл мемлекеттік реттеудің жалпы сапалы деңгейін едәуір төмендетеді және экономиканың су секторының табиғи монополиялар саласына барлық қатысушылардың мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ететін тиімді тарифтік саясатты жүргізуге мүмкіндік бермейді.

## **Параграф 5. Аэронавигация саласы**

Аэронавигация саласын реттеу саясатын " Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы " және " Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және авиация қызметін пайдалану туралы " Қазақстан Республикасының Заңдары анықтайды.

Аэронавигацияның негізгі функциялары Қазақстан Республикасының жоғары әуе кеңістігінде, жергілікті әуе желілерінде және әуеайлақ аумақтарында аэронавигациялық қызмет көрсету болып табылады. Жабдықтарды жаңарту мен әуе қозғалысын басқару рәсімдерін оңтайландыру әуе қозғалысын ұйымдастырудың (бұдан әрі - ӘҚҰ) 12 аумағынан аэронавигациялық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қолда бар халықаралық әуе трассаларының желісі Қазақстан Республикасы әуе кеңестігінің барлық тұтынушыларының қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік б е р е д і .

Аэронавигациялық алымдардың ставкалары әуе кемесінің ең жоғары шарықтау салмағына, орындалатын ұшу үлгісіне және авиакомпаниясының мемлекеттік меншігіне байланысты. Қазақстандық авиакомпаниялар үшін тарифтер шет ел авиакомпанияларына қолданылатын ставкадан төмен.

Тарифтік саясатты жетілдіру аэронавигациялық қызметтердің әлемдік рыногында бәсекенің шиеленісуімен, шет ел авиакомпанияларының транзиттік рейстері ағымының төмендеуімен және ішкі тасымалының елеулі өсуіне және жолаушылар тасымалы тарифтерінің төмендеуі немесе тұрақтандыруына алып келмеген қолда бар тарифтерді саралануынан туындады. Қазіргі таңда осы саланы реттеудің негізгі проблемалары транзиттік ұшуларды орындайтын әуе кемелеріне ұсынатын аэронавигацияның қызметтерін реттеу, шығындарды бөлектеп алуды жүргізу, аэронавигация саласында транзиттік әлеуетті арттыру, қаржы тұрақтылығын сақтау мен әлеуметтік-кадр мәселелерін шешу, Қазақстан Республикасы авиа тасымалының ішкі рыногына шет ел авиакомпанияларын тарту мәселелер шығады.

## **Параграф 6. Почта саласы**

Табиғи монополия саласына қарапайым хаттарды, почта карточкаларын және пайдаланушылардың бандерольдерін жіберу жөніндегі почта операторларының қызметтерінен тұратын почта байланысының жалпыға бірдей қол жетімді қызметтері ж а т а д ы .

Қазіргі уақытта елдің барлық аумағын жабатын кең таралған почта желісінің болуына сүйене отырып, мемлекет атынан меншік иелеріне оларды ұсыну бойынша міндеттемелер почтаның Ұлттық операторына жүктелген. Қазақстан Республикасының почта Ұлттық операторының мәртебесі "Қазпочта" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қ а з п о ч т а " А Қ ) б е р і л г е н .

Ережеге сәйкес почтаның Ұлттық операторы Қазақстан Республикасының кез келген елді мекенінде почта байланысының жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерін п а й д а л а н у д ы ұ с ы н а д ы .

Почта ұлттық операторы әлеуметтік маңызы бар қызметтер көрсетеді және ауылдық жерлерде шығынға ұшырайды, өйткені көрсетілетін қызметтердің көптеген түрлеріне қолданыстағы тарифтер қалалық және ауылдық жерлерде қызметтер ұсынудың құнындағы айырмашылықтарды ескермейтін орташаланған ставкалар бойынша б е л г і л е н г е н .

"Почта туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сай республиканың барлық аумағында әрекет ететін жалпы пайдаланудағы почта желісі ұлттық почтаға желісі болып танылады және ол арқылы жария шарттың негізінде қызметтер ұсынылады. Ұлттық почта желісін Ұлттық және баламалы операторлардың желісінен тұратын жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерді ұсынудың жүйесі деп санауға болады. Бірақ бүгінгі күнге почта байланысының жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерінің баламалы операторларының болмауына байланысты почтаның Ұлттық операторының почта желісі Ұлттық почта желісі болып табылады. Осы қызметтерді почтаның басқа операторлары ұсынудың белгілі бір шектеуі осы қызметтерге арналған бағаның салыстырмалы төмен болуы және заңнамаға сәйкес табиғи монополия субъектілерін қатаң түрде реттеу мен бақылау жүйесі, сондай-ақ осы қызметтерге тұтынушылардың тарапынан сенімнің төмендеуі болып табылады. Почта байланысының басқа да қызметтерімен салыстырған (курьерлік және жеделдетілген, арнайы) почта байланысының жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерін ұсыну көлемдері жылдан жылға бір деңгейде қалып отыр, тұрғын үйлердегі абоненттік почта жәшіктері көбінесе п а й д а л а н у ғ а ж а р а м с ы з .

Жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерге халық сұранысының өсуіне сыртқы фактор жәрдемдеседі - елдегі қолайлы экономикалық (халықтың төлем қабілеттігі деңгейінің өсуі, экономиканың жеке және іскер секторларының дамуы, инфляцияның төменгі деңгейі және басқа да) жағдайы.

Тарифтік саясатты мемлекеттік реттеудің маңызды міндеттерінің ретінде:

тұтынушылар сұранысын мүмкіндігінше қанағаттандырылуы;

Почтаның ұлттық операторы бөлімшелерінің қызмет тиімділігінің арттырылуы; құралдардың одан әрі дамытылуы мен жаңаруының қамтамасыз етілуі, қызметтер рыногының кеңеюі мен почта байланысының қызметтерін ұсыну сапасының ж а қ с а р т ы л у ы ;

қызметтердің ықтимал тұтынушыларын тартудың жаңа нысандарын іздеу және о л а р д ы ң е н г і з і л у і ;

ауылдық жерлерде қызметтерді ұсынатын байланыс операторлары үшін экономикалық тең жағдайлардың құрылуы;

жаңа технологиялар мен жабдықтарды енгізу үшін инвестицияларды тартуға

ж ә р д е м д е с у і ;

озық халықаралық тәжірибенің енгізілуі айқындалған.

Тұтастай алғанда, почта байланысында бәсекелестіктің дамуы жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерді көрсетуге қабілетті баламаны операторлардың пайда болу мүмкіндігін туғызады. Бұл почтаның Ұлттық операторын аталған қызметтер бойынша монополистердің қатарынан шығару мүмкіндігін қарауға жеке операторлардың кіруіне құқықтық жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Почта операторлары үшін, әсіресе ауылдық жерлерде почта байланысының қызметтерін көрсететіндерге тең бәсекелес жағдайларды жасау мақсатында баға түзудің оңтайланған стратегиясын құру қажет.

Осыған байланысты почта қызметтерінің саласында қызметтердің түрлері бойынша шығындарды бөлектеп есепке алуды енгізу көзделіп отыр. Бұл қызметтердің өзіндік құнының нақты деңгейін айқындауға, ағымдағы шығындарды жабуға табыстарды қалыптастыруға және пайда алуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта почта байланысы саласындағы шығындарды бөлу, қызметтердің өзіндік құнын айқындау және тарифтерді есептеу жөніндегі әдістеме әзірленді.

Қызметтерді ұсыну сапасымен және почта байланысының жалпыға бірдей қол жетімді қызметтеріне ықтимал сұранысты қанағаттандырумен байланысты реттеудің негізгі проблемасы почта байланысының жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерінің тізбесін қайта қарау қажеттілігін және почтаға сенімнің өсуін және абоненттік почта жәшіктерінің кондоминиумдарда сақталуын қамтамасыз ету мақсатында почта саласындағы әмбебап қызмет көрсету тетіктерін қайта қарау қажеттілігін талап етеді.

## **Параграф 7. Әуежайлар саласы**

Қазіргі уақытта Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне республиканың барлық әуежайлары енгізілген.

Әуежайлар қызметтерін мемлекеттік тарифтік реттеуді шектеу жолымен аймақтың транзиттік әлеуетін пайдалану шеңберінде авиа тасымалдаушыларды тарту мақсатында қызметтердің бір бөлігін бәсекелес ортаға шығаруды мемлекеттік реттейтін баға қолданылатын, әуежайлар қызметтерінің номенклатурасы бекітілді. Номенклатура қызметтердің толық тізбесін қамтиды, бұл ретте негізгі шарықтау мен қонуды (қабылдау мен шығаруды) қамтамасыз ету, авиациялық қауіпсіздікті және әуе кемесіне тұрақ орындарын ұсыну жөніндегі қызметтерді қамтамасыз ету болып табылады.

Табиғи монополия жағдайында әуежайлар көрсететін қызметтерге тарифтер қалыптастырудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кәсіпорындардың шығындарын оңтайлы бөлуге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының әуежайларында жерде қызмет көрсеткені үшін әуежайлық алымдар мен тарифтерді есептеу әдістемесі реттеу практикасына енгізілген болатын.

Сол кезде қабылданған, оның ішінде нормативтік базаны жетілдіруге бағытталған

шараларға қарамастан, әуежайлар саласындағы тарифтік реттеудің негізгі проблемасы осы уақытқа дейін республиканың 20 әуежайларының 11-де сақталған тұтынушылар топтары бойынша кейбір әуежайлардың қызметтеріне тарифтерді негізсіз саралауды қолдану практикасын жою қажеттігі болып табылады.

Бұдан басқа, кәсіпорындарда табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алу жоқ. Осыған байланысты әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметалар мен тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін шығындардың ашықтығын және негізділігін қамтамасыз ету үшін Әуежайлар саласында қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарын, шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі әзірленді және бекітілді. Бөлектеп есепке алуды енгізу реттеліп көрсетілетін қызметтерге (Тауарларға, жұмыстарға) тарифтер мен тарифтік сметаларды қалыптастыру кезінде ескерілетін шығындардың ашықтығын және негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ бірыңғай қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) басқалардың есебінен тоғыспалы субсидиялау практикасын, оның ішінде реттеліп көрсетілмейтін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) шығыстарының бір бөлігін реттелетіндерге ауыстыруды тоқтатуға жәрдемдеседі.

Сондай-ақ, әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тариф түзу жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер (алым ставкаларын) есептеудің жаңа әдістемесін әзірлеу қажет.

## **Параграф 8. Теңіз порттары саласы**

Теңіз порттарының қызметтерін бүгінгі күнге Табиғи монополиялар субъектілерінің республикалық бөліміне енгізілген екі кәсіпорын: "Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны және "Қазмортрансфлот" Ұлттық теңіз көлік қатынасы компаниясы" акционерлік қоғамы көрсетеді.

Теңіз порттарының қызметтері бекітілген теңіз портының міндетті қызметтерінің тізбесіне сай реттеледі, соған сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерге теңіз портының күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстары және жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге мақсаттар үшін кейіннен порттан шығуымен (кеменің кіруі) теңіз портына кеменің кіруі үшін атқарылатын қызметтер жатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002 - 2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде теңіз порты атқаратын жұмыстар мен қызметтерге алым ставкалары мен ақы есептеу әдістемесі әзірленді және бекітілді. Бұдан басқа, көрсетілетін қызметтердің көлемін арттыруға және Қазақстан Республикасы арқылы жүктерді транзиттік қайта бағдарлауға жағдайлар жасауға бағытталған икемді тарифтік саясатты жүргізу үшін Теңіз портының күштерімен және

құралдарымен атқарылатын жүктерді ауыстыру жөніндегі қызметтерге арналған тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеу және күшін жою ережесі әзірленді және бекітілді.

Таяу болашақта теңіз порттарының қызметтерін көрсететін кәсіпорындардың қызметіне қолданылатын тарифтік әдіснаманы шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды енгізу және қолданысқа енгізілген активтерді реттелетін базаға пайда ставкасын белгілеу тәртібін әзірлеу жолымен жетілдіруді жалғастыру қажет.

#### **4. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері**

Елдің 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясына және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орташа мерзімді жоспарына, сондай-ақ бекітілген салалық бағдарламаларға және салаларға жүргізіліп отырған қайта құрылымдануға сәйкес реттеудің мемлекеттік мақсаттарын ескере отырып, экономикалық тиімділікке қол жеткізу үшін акценттерді аударумен, табиғи-монополиялық рыноктарды мемлекеттік реттеудің қолда бар жүйесін одан әрі жетілдіру қажет.

Табиғи монополиялар салаларын реттеу жөніндегі қабылданатын шаралар табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер тарифтерінің деңгейі субъектінің негізделген шығындарына сүйене отырып белгіленгенде "микроэкономикалық" реттеу сипатын білдіреді, бірақ келісілмеген тарифтердің салдары ретінде тариф деңгейінің экономиканың секторларына ететін әсерін және мемлекет экономикасы дамуындағы болуы мүмкін болжамды сәйкессіздіктерін назарға алмайды. Сондықтан, тұтастай экономиканың барлық жалпы мүдделерінің көзқарасынан, яғни, "макроэкономикалық" деңгейде тарифтердің келісу дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретін тарифтерді реттеу құралдарын одан әрі дамыту қажет. Осы тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде микроэкономикалық реттеудің тетіктерін одан әрі жетілдіру және макроэкономикалық реттеу құралдарын қоса дамыту қажет.

Осы Тұжырымдаманың мақсаты экономиканың барлық салаларын келісіп дамытуды қамтамасыз ететін табиғи монополиялар салаларындағы реттеу саясатын жетілдіру мен дамытудың негізгі бағыттарын айқындау болып табылады. Тарифтік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тариф түзудің тиімді жүйесін құру мына қағидағтарға негізделуі тиіс:

- 1) тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілері мүдделерінің теңгерімін сақтау ;
- 2) табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шығындар мен пайданы жабу ;
- 3) орташа мерзімді негізде тарифтердің тұрақтылығы;

4) Қазақстанның дүниежүзілік экономикаға бірігу процесін қамтамасыз ету мақсатында тарифтерді негізсіз саралаудан бас тарту;

5) табиғи монополия субъектілері қызметтерінің тиімділігін арттыру.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, реттеудің қолда бар тетіктерін жетілдіру бойынша мынадай міндеттерді шешу қажет:

тарифтік реттеу жүйесін жетілдіру;

салалар бойынша табиғи монополиялар салаларындағы шекараларды және бәсекелес секторларды айқындау;

реформаланып отырған салалардағы рынок субъектілерінің арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

табиғи монополия субъектілерінің қызметі бойынша табыстарды, шығыстар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алу тетіктерін енгізу.

Реттеудің жаңа тетіктерін дамыту бағытында мынадай міндеттерді шешу қажет:

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне арналған тарифтер деңгейінің өзгеру серпінінің экономика салаларына және тұтынушылардың жекелеген топтарына әсер етуін бағалау үлгілерін әзірлеу;

салалардың ерекшелігін ескере отырып, тарифтердің экономикалық негізделген саралануын айқындау;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік субсидиялау тетіктерін әзірлеу;

табиғи монополиялар субъектілері қызметтерін бақылау және оларға жүргізілетін техникалық, қаржылық сараптаманың тетіктерін жетілдіру. Көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесінің негізінде субъектілердің қызметі мониторингісінің жүйесін құру;

табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның қызметін ақпараттандыру.

## **5. Негізгі бағыттар мен іске асыру тетіктері**

### **Параграф 1. Табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің қолда бар әдіснамалық базасын жетілдіру**

Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік реттеудің қолда бар жүйесін жетілдірудің қажеттілігі нормативтік-құқықтық базасын қайта өңдеу, "табиғи монополиялық қызметтердің" тізбесін нақтылау себебі болып табылған, инфрақұрылымдық аяларды реформалау және дамыту процестеріне негізделген. Осыған байланысты тарифтік саясатты жетілдірудің негізгі бағыттары табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділігін арттыру үшін ынталылық жасаумен, тиімсіз шығындарды төмендету қажеттігімен, кәсіпорындардың инвестициялық

тартымдылығын көтерумен байланысты проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған

Тарифтік реттеу жүйесін жетілдіру үшін олардың шешуі қажетті негізгі міндеттер  
м ы н а л а р :

тарифтердің белгілеудің ашықтығын қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтері бойынша табыстарды, шығындар мен қолданыстағы активтерді бөлектеп есепке алу тетіктерін енгізу;

табиғи монополия субъектілеріне негізгі құралдарды тұрақты жаңарту үшін жағдайлар жасау мақсатында қолданысқа енгізілген активтердің өтелуін қамтамасыз ету, салалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру болып табылады.

Қызметтердің түрлері бойынша табыстарды және шығыстарды бөлектеп есепке алу жүйесін енгізудің маңызды алғышарттары тарифтік реттеу жүйесін жетілдіру қажеттілігі, яғни, мынадай жағдайларды:

тарифке енгізілетін шағындардың экономикалық негізділігін;

тарифке енгізілетін шығындардың ашықтығын қамтамасыз қажеттілігіне алып келді

Бөлектеп есепке алу жүйесінің теориялық базасына экономикалық теорияның қағидаттары мен шешімдер қабылдау теориясы қызмет етеді. Бөлектеп есепке алудың жүйесі өнімдерге (қызметтерге) шығындарды бөлу, қолданысқа енгізілген активтерді өнімдерге (қызметтерге) жатқызу әдістемесін қамтуға тиіс.

Бөлектеп есепке алу жүйесі бойынша есептілікті жасау жиілігі реттеуші органның қажеттілігіне және субъектілердің мүмкіндіктеріне сәйкес қажеттілік шамасына қарай а й қ ы н д а л а д ы .

Бөлектеп есепке алу жүйесін әзірлеудің міндеттерін шешу ұйымдастыру-қаржылық құрылым мен көрсетіліп отырған саланың операциялық үлгілеріне негізделген табиғи монополия субъектісінің бизнес-үлгісін әзірлеу мен пайдалануға негізделуге тиіс.

Бөлектеп есепке алу реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін және тарифтік сметаларын қалыптастырған кезде ескерілетін шығындардың ашықтығы мен негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл бір қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) басқалардың есебінен тоғыспалы субсидиялау, оның ішінде шығыстар бөлігінің реттеліп көрсетілмейтін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) реттеліп көрсетілетіндерге ауысу практикасының тоқтатылуына жәрдемдеседі.

Кәсіпорындардың бөлектеп есепке алу жүйесін әзірлеу мен енгізудің құны жеткілікті жоғары, сондықтан оны іске асыру бойынша табиғи монополия субъектілері үшін көрсетілетін қызметтердің көлемдеріне және табыстарына қарай сараланған т а л а п т а р д ы ә з і р л е у қ а ж е т .

Табиғи монополиялық салалары рыноктарында компаниялар қызметтерін мемлекеттік реттеудің таралған әдістерінің бірі қызметтің (өнімнің немесе



қызметтердің) реттеліп көрсетілетін түрлерінен түскен пайданы шектеумен түйінделетін пайданы нормалау болып табылады.

Табиғи монополия субъектілері қызметтерінің (өнімдерінің немесе жұмыстарының) реттеліп көрсетілетін түрлерінен түскен табыстардағы пайданы шектеу осы табиғи монополия субъектісінің қолданысқа енгізілген активтерінің табыстылығына негізделуге тиіс.

Белгілі бір қызметті көрсетуге арналған тарифтің құрамындағы ұйғарынды пайданы реттеу әдісі осы қызметті ұсынған кезде қолданысқа енгізілген активтердің құнын және қолданысқа енгізілген активтерді қаржыландыруға тартылған капиталдың құнын айқындау жолымен іске асырылады. Ұйғарынды пайданың деңгейі кәсіпорынның осы қызметтен түскен операциялық пайдасын қалыптастырудың ең төменгі нормасы (ставкасы) ретінде пайдаланылады.

Қолданысқа енгізілген активтерді қаржыландыруға тартылған капитал құнына негізделген активтердің реттеліп көрсетілетін базасына арналған пайда нормасы табиғи монополия субъектілерінің қызметтер рыногының барлық қатысушылары үшін экономикалық ынталандыру құралы болып табылады.

О л м ы н а л а р ғ а :

құралдарды инвестициялау бойынша шешімдер қабылдау процесіндегі өлшемдер; салымдар тиімділігінің негізгі көрсеткіштері; басқарушы, мысалы, жалдауға қатысты немесе меншікке өндірістік негізгі құралдарды сатып алу шешімдерін қабылдау процесінде өлшемдер болып қызмет етеді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерден түскен ұйғарынды пайданы айқындаған жағдайда, капитал құны бағасының маңыздылығы есептеудің тиісті әдістемесінің негізінде осы көрсеткішті нақты есептеудің қажеттігін айқындайды. Осы есептің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында пайда ставкасын есептеген кезде тәуекел факторларын ескеретін әдіснамалық нұсқаулықтарды әзірлеу қажет.

## **Параграф 2. Оңтайлы тарифтерді белгілеу бойынша жаңа құралдар мен әдіснаманы дамыту**

Табиғи монополия саласындағы тарифтік реттеу дамуының басты бағыттары әдіснаманы әзірлеу және тарифтерді белгілеудің макроэкономикалық өлшемдерін айқындау арқылы республиканың экономикалық даму саясатына тарифтік саясатты органикалық жағынан енгізу қағидатымен анықталады.

Тарифтік реттеу жүйесін дамыту экономика саласына табиғи монополиялар субъектілері тарифтерінің әсер етуін бағалаудың әзірленген құралдарын пайдалана отырып, баға түзуде негізгі мүдделі тараптардың мүдделерін есепке алу дәрежесін кеңейтуге негізделеді. Осы бағытты іске асыру тетіктері негізгі мүдделі тараптар

жағдайының басты көрсеткіштерін, көрсеткіштердің өзара байланыстарын ескеретін болжамның эконометриялық және экономикалық-математикалық үлгілерін қолдана отырып, тарифтік реттеуге қатысты шешімдерді қабылдауды қолдаудың ғылыми базасын күшейту мониторингі болып табылады. Мұндай үлгілерді қолданумен тарифтер өзгеруі, табиғи монополиялар қызметтеріне тариф түзудің әртүрлі жүйелерін қолдану, жекелеген салаларды және/немесе субъектілерді субсидиялау саясатындағы өзгеріс сияқты осындай факторлардың рынок субъектілері мен тұтастай экономикаға әсерін алдын ала бағалау (болжау) мүмкіндігі туындайды.

Есептеу әдіснамасын жетілдіру және табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне оңтайланған тарифтер белгілеу жөніндегі іс-шаралар экономика секторларының жағдайларын, дамытудың салалық бағдарламалары тапсырған даму бағыттары мен жүргізіліп отырған реформаларды іске асыру қ а р қ ы н д а р ы н е с к е р е д і .

Мысалы, электр энергетикасы саласында нормативтік техникалық ысырыптар құнын "тасымалдау" тарифіне енгізуді ескере отырып, электр энергиясын кернеу сыныптары бойынша (ӨЭК-ның) өңірлік (жергілікті) деңгейлер желілері арқылы беру жөніндегі тарифтерді есептеу әдіснамасын кезең-кезеңмен енгізуді; электр энергиясын Ұлттық желілер арқылы беруге, электр және жылу энергиясын өндіруге шығындарды әділ бөлуді қамтамасыз ету мақсатында ЖЭО өндірілетін электр энергиясының бәсекеге қабілеттілігін қолдауды ескере отырып, жылу энергиясын өндіруге тариф есептеу әдіснамасын әзірлеу мен енгізуге аймақтық тарифтерге өту мүмкіндігін көздеу қ а ж е т .

Тарифтік реттеу жүйесінің дамуының тағы да бір айқындаушы бағыты интеграция процестеріне және Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін дамытуға байланысты мәселелерді есептеу болып табылады.

Ағымдағы сәтке табиғи монополиялар субъектілері қызметтерінің тарифтері деңгейінің негіздемесін ақпараттық қолдау кәсіпорынның қаржы-шаруашылық жағдайының сараптамалық диагностикасымен қамтамасыз етіледі. Қаржы және техникалық сараптамалардың негізгі бағыттары табиғи монополиялар субъектілері қызметтерінің нәтижелерін объективті бағалау, пайдаланылмаған резервтердің кешенді әсер етуі, шаруашылық жүйелердің рационалдық жұмыс істеуін бақылау, нормативтік актілердің сақталуына бақылау болып табылады. Тиісінше сараптамалық диагностиканың негізгі міндеттері жоспарлардың, бюджеттердің сапасы мен негізділігін тексеруден, "шығындар - өндіріс көлемі - пайда" тәуелділігіне талдау, еңбек пен жалақыға талдау, материалдық ресурстарды тиімді пайдалануға талдау, негізгі қорлар мен жабдық жұмыстарын пайдалану тиімділігіне талдау, қызметтердің өзіндік құнына талдау жүргізуден тұрады. Сараптамалық диагностика үшін ақпараттың көздері болып бухгалтерлік есеп және есептілік, статистикалық есеп пен есептілік, басқарушы есебі мен есептілік жүйесі мен басқа көздер: сыртқы және ішкі аудиттің тексеру

материалдары, салық қызметтері тексерулерінің нәтижелері, табиғи монополия субъектілерінің және құзыретті органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өндірістік кеңестерінің материалдары болып табылады.

Тарифтік реттеудің осы заманғы міндеттерін шешу үшін рынок субъектілері мен тұтастай экономиканың қолда бар жағдайын бағалауға ғана емес, даму перспективаларын анықтау үшін болжамдар жүргізуге мүмкіндік беретін неғұрлым прогрессивтік құрал талап етіледі. Осы талапты іске асыру нақты міндеттер мен оларды шешу өлшемдерін тарифтік реттеудің мақсаттарын айқын ауыстыруға мүмкіндік беретін құралға дейін дәстүрлі қаржы үлгілерін жетілдіруді көздейді.

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін бағалаудың өлшемдері болып қаржы көрсеткіштері ғана емес, сонымен жиынтықта табиғи монополиялар субъектілері қызметінің әртүрлі теңдестірілген аспектітері: клиенттермен өзара қарым-қатынастарын, ішкі бизнес-процестері ұйымдастыруды және жаңа мүмкіндіктерді ескеруге мүмкіндік беретін бизнесті ұйымдастыру тиімділігінің немонетарлық көрсеткіштері шығуға тиіс.

Тарифтік реттеудің ақпараттық базасын дамытудың басымдық бағыттары болып көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесінің негізінде табиғи монополиялар субъектілерінің, олардың тұтынушыларының және жеткізушілердің жағдайы мониторингісінің жүйесін әзірлеу алға шығарылады.

Осындай жүйені әзірлеудің негізгі мақсаты мынадай мәселелерде шешімдер қабылдаудың жүйелік көзқарасы мен ақпараттық қолдануын қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы :

реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер деңгейінің негіздемесі;  
табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтер деңгейіне қарай, сұраныс көлемдерін айқындау;

субсидиялау тетіктерін әзірлеу;  
тарифтерді саралаудың қажеттілігі мен объективтілігін экономикалық негіздеу;  
салалардың өзара әсер ету және тарифтердің теңдестірілген деңгейін негіздеу дәрежесін бағалау мәселелерін шешуге міндетті.

Дамудың бірінші кезеңінде уәкілетті орган мынадай міндеттерді шешу мақсатын қояды: реттеудің ашық тұжырымдамасын тұжырымдау, оны іске асыру тәсілдері туралы пікірлердің бірлігі мен оны табиғи монополиялар субъектілерінің назарына жеткізу. Болашақта әдіснамалық қамтамасыз ету мен бақылау жүйесі бағалау жүйесінен реттеу жүйесіне трансформациялануға тиіс.

Уәкілетті органның жұмыс істеу практикасына реттеу көрсеткіштерінің теңдестірілген жүйесін әзірлеу мен енгізу ұйымдастыру-әдістемелік негіздерді әзірлеуді талап етеді: біріншіден, табиғи монополияларды реттеу аясында шешімдер қабылдауды қолдау үшін тиісті әдістемелер мен нұсқамаларды әзірлеуді талап етеді; екіншіден, оны орындаудың регламентін анықтай отырып, көрсеткіштердің

теңдестірілген жүйесінің базасында мониторинг жүйесін ұйымдастыру туралы мәселелерді қарау қажет.

Көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесінің әдістемелік негізі табиғи және мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметін мониторингтеу мен реттеу жүйесі ретінде реттеудің сараланған объектілерінің, әдістері мен құралдарының, реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндірушілердің, олардың тұтынушыларының және жеткізушілерінің мүдделерін талдау мен теңдестіру әдістерінің экономикалық үлгілері жүйесін қамтиды.

Көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесінің функцияларын іске асырудың ұйымдастыру негізі екі аспектіні қамтиды: реттеудің әзірленген құралдарын атқарушы жүйеге кейін жеткізу мақсатында әдіснамалық негізді автоматтандыру және реттеудің атқарушы жүйесін енгізу мақсатында уәкілетті органның функционалдық құрылымына қосымша талаптар әзірлеу. Реттеудің автоматтандырылған атқарушы жүйесін әзірлеу нақты уақыт режиміндегі табиғи монополиялар субъектілерінің жай-күйін, қысқааралық уақыт ішінде реттеу шараларын қолдану нәтижелері туралы жедел есептерді жасауға, іс жүзінде жетістіктердің мақсатты нәтижелерінің салыстырмасын қарауға мүмкіндік береді. Реттеудің автоматтандырылған атқарушы жүйесін енгізу бір жағынан әдістердің тиімділігін едәуір арттырады, екінші жағынан ақпаратты жинау мен беру форматтарына, мамандардың біліктілігі мен уәкілетті органның қызметін ұйымдастыру әдістеріне жаңа талаптар қояды.

Көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесі табиғи монополиялар салаларындағы реттеу мақсаттарын табиғи монополиялар субъектілерінің, тұтынушылар мен жеткізушілердің қызметін жалпы қамтитын бағасының призмасы арқылы көрсетеді.

Мұндай жүйе реттеудің қолданыстағы тетіктерінің кемістіктерін - әртүрлі салалардағы тарифтердің өзара байланысы бағасының жоғын толтырады. Көрсеткіштердің жүйесі жалпы экономиканың жаһанды мүдделерінің көзқарасынан теңгерімнің мүмкін болатын бұзушылықтары туралы белгі беруге тиіс. Бір саладағы тариф өзгерісінің басқа саладағы субъектілердің қаржы-экономикалық жағдайына әсер етуінің бағасы мемлекет үшін экономиканы дамыту көзқарасынан үлкен маңызды болып табылады.

Тарифтік реттеудің әдіснамалық базасын дамыту жеткілікті ақпараттық қолдаудың болуына негізделеді және дамудың негізгі бағыттары оның мүмкіндіктерімен анықталады. Реттеу көрсеткіштерінің теңдестірілген жүйесінің негізінде мониторингінің жүйесі бойынша ақпаратты жинақтау, біріншіден, бірыңғай әдіснамалық көзқарастарды ұстанбауға және әрбір саланың технологиялық дамуының ерекшелігі ескерілетін салалық реттеушітердің кешенін әзірлеу, екіншіден, осы салалардағы тарифтердің өзара әсер ету үлгілерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттің мүдделеріне монополиялық рыноктың барлық қатысушыларының (және табиғи монополиялар субъектілерінің және тұтынушыларының) дамуына

жағдайлар жасау ("ортаны" жетілдіруге) сәйкес келеді, бұл ретте, экономика дамуының макроэкономикалық жетістіктері көзделеді. Сондықтан, шаруашылық жүргізудің рыноктық тетігі олардың арақатынасы шешілетін экономикалық міндеттер мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының сипатына байланысты мемлекеттік реттеудің құралдарымен толықтырылады.

Реттеуші орган жүргізіп жатқан тарифтік саясат өндірушілерге ұйғарынды және тұтынушылар үшін қолайлы бағалардың оңтайлы деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Осы рынок қатысушыларының қарама-қайшылық мүдделерін есепке алу үшін тұтынушылардың әртүрлі топтары үшін табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді саралау қажетті болып табылады.

Сондықтан тарифтерді саралау проблемасын барлық қатысатын тараптардың мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, шешу қажет. Өндірушінің көзқарасы бойынша шығындарға негізделген экономикалық негізделген тарифтердің деңгейі болып табылады. Ал тұтынушылар үшін негізделген қызметтерге немесе өнімдерге қол жетімділікті жасайтын тарифтерді саралау болып табылады. Мемлекет тарифтерді экономикалық жағынан негізделген саралауын айқындауға тиіс.

Тарифтерді экономикалық негізделмеген саралануды жоюдың негізгі құралы мемлекеттік субсидиялау тетіктері болып табылады. Мемлекеттік субсидиялау тетіктерін айқындау тарифтік саясатты дамыту шеңберінде реттеуші органның басым міндеттерінің бірі болып табылады және субсидиялау объектілерін субсидиялаудың қажетті мөлшерін және олардың көздерін айқындау үшін әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуге негізделеді, ол мыналарды:

- 1) субсидиялардың қажетті мөлшерлерін айқындау әдісін;
- 2) субсидиялау нысандары бойынша негіздеме тәртібін қамтиды.

Мемлекеттік субсидиялау тетіктерін дамытуға қажетті басымды салалар темір жолмен жолаушылар тасымалы, телекоммуникациялар, жылу энергиясын өндіру мен беру қызметтері, су шаруашылығы жүйелері қызметтері және басқалар болып табылады.

## **6. Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері**

Тұжырымдаманы қаржымен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражатының есебінен және олардың шегінде жүзеге асырылады.

Тұжырымдаманы іске асыруға байланысты қажетті қаржы ресурстары 1361,8 млн. теңгені, оның ішінде: 2005 жылы - 399,4 млн. теңгені; 2006 жылы - 496,9 млн. теңгені; 2007 жылы - 465,5 млн. теңгені құрайды.

2006 - 2007 жылдарға арналған шығыстардың көлемі тиісті қаржы жылына арналған бюджетке сәйкес нақтыланады және түзетіледі.

## 7. Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер

Осы Тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде мынадай нәтижелер алынады:  
инфрақұрылымдық салаларды қалпына келтіру бөлігінде табиғи монополиялар субъектілері, қызметтерді тұтынушылар және мемлекет мүдделерін есепке алуды қамтамасыз ететін тетіктер құру;

салалар арасындағы құрылымдық сәйкессіздікті жою үшін қажетті жағдайлар жасау және экономикалық тіршілік ету саясатынан экономикалық даму саясатына өту; шекті орташа мерзімді және ұзақ мерзімді тарифтерді белгілеуге өту үшін қажетті жағдайлар жасау және экономикаға әкімшілік тетіктерінің әсер етуін төмендету; тарифтер болжамдылығының есебінен инвестициялық тартымдылықты арттыру; табиғи монополия субъектілерінің қызметтері мониторингісінің, қызметті бақылау және нәтижелер үшін менеджмент жауапкершілігін арттыру тетігін әзірлеу мен енгізу; қайта теңдестірілген тарифтер;

баға түзудің, бөлектеп есепке алудың және пайданы есептеу әдістерінің прогрессивтік әдістемесін қолдану есебінен табиғи монополиялар субъектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету;

өндірісті жаңарту, басқарудың тиімділігін арттыру және нормативтен тыс ысыраптарды төмендету есебінен ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру;

табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтері өзгерісінің олардың тұтынушыларға және экономикаға әсер етуін талдауға, тарифтер серпінін жекелеген салаларға әсер етуін, жүзеге асыруға халықтың табыстарын болжауға мүмкіндік беретін құралдарды әзірлеу мен енгізу;

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымының, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың тарапынан қойылған республика қабылдайтын талаптарды іске асыру жолымен дүниежүзілік экономикаға бірігуі үшін тосқауылдарды жою.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 13 мамырдағы  
N 455 қаулысымен

бекітілген

### Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

P/c N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауаптылар	Орындалу (іске асыру) мерзімдері	Болжанып отырған шығыстар* (млн. теңге)	Қаржыландыру көзі
-------	---------	----------------	-------------------------------------	----------------------------------	---	-------------------

1	2	3	4	5	6	7
1.	Әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер (алымдар ставкаларын) есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ККМ	2005 жылғы 3 - тоқсан	4,0	Республикалық бюджет
2.	Темір жол көлігі мен порттар саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ККМ	2005 жылғы 3 - тоқсан	6,0	Республикалық бюджет
3.	Теңіз порттарының қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ККМ	2005 жылғы 3 - тоқсан	7,0	Республикалық бюджет
4.	Табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі құралдарына қайта бағалау жүргізу ережесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, Әділет-мині	2005 жылғы 3 - тоқсан	6,0	Республикалық бюджет
	Телекоммуникациялар көрсе-					

5.	<p>тетін әмбебап қызметтерді қоспағанда, қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникациялар саласындағы, сондай-ақ телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кабельдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүлктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын беру ережесін әзірлеу</p>	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, АБА	2005 жылғы 3 - тоқсан	3,0	Республикалық бюджет
	Т а б и ғ и монополиялар субъектілерінің қызметтері (тауарлары, жұмыстары)					



6.	тарифтерінің (бағаларының, алымдар ставкаларының) шекті деңгейін есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА	2005 жылғы 3 - тоқсан	3,5	Республикалық бюджет
7.	Табиғи монополия субъектілері ұсынатын қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) осы салалардың шеңберінде реттеліп көрсетілетіндерге жатқызу мәніне табиғи монополия салаларына талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА	2005 жылғы 3 - тоқсан	3,5	Республикалық бюджет
8.	Жылу энергиясын беру және (немесе) бөлу жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындармен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭМРМ	2005 жылғы 3 - тоқсан	4,0	Республикалық бюджет
9.	Жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭМРМ	2005 жылғы 3 - тоқсан	Жоқ	

10.	<p>Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистралдық құбыр өткізгіштері арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу</p>	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭМРМ	2005 жылғы 3 - тоқсан	5,0	Республикалық бюджет
11.	<p>Мұнай-газ және энергетика секторларындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу әдістемесін әзірлеу</p>	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭМРМ	2005 жылғы 3 - тоқсан	7,0	Республикалық бюджет
12.	<p>Жалпыға қол жетімді почта байланысы қызметін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі</p>	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, АБА	2005 жылғы 4 - тоқсан	5,0	Республикалық бюджет

13.	Магистралдық темір жол желісінің қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ККМ	2005 жылғы 4 - тоқсан	10,0	Республикалық бюджет
14.	Кірме жолдардың қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ККМ	2005 жылғы 4 - тоқсан	5,0	Республикалық бюджет
15.	Су шаруашылығы және кәріздер жүйелерінің қызметтерін көрсету саласында құзыретті органды анықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ТМРА	2005 жылғы 4 - тоқсан	Жоқ	

16.	Негізгі табиғи монополия субъектілерінің тарифтері өзгерісінің экономика мен салааралық біріктірілген көрсеткіштерге әсер етуін бағалау әдісінің және экономикалық-математикалық үлгілерінің кешеніне қойылатын талаптарды әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭБЖМ	2005 жылғы 4 - тоқсан	1,8
-----	--	------------------	------------	-----------------------	-----

						ликалық бюджет
17.	Т а б и ғ и монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қаржылық және техникалық сараптама жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ТМРА	2005 жылғы 4 - тоқсан	328,6	Республикалық бюджет
18.	Э л е к т р энергиясын желінің энергия тапшылығының және ө т к і з у қабілеттілігінің коэффициенттерін пайдалана отырып, өңіраралық деңгейдегі желілер арқылы беру жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеу әдістемесін енгізу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭМРМ	2006 жылғы 1 - тоқсан	Жоқ	
19.	Су шаруашылығы жүйелерінің ( а у ы л шаруашылығының суармалы) қызметтеріне тарифтер есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, АШМ	2006 жылғы 3 - тоқсан	8,0	Республикалық бюджет

20.	Аэронавигация саласындағы табиғи монопо- лия субъек- тілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ККМ	2006 жылғы 3 - тоқсан	6,0
-----	---	---------------------	--------------	--------------------------------	-----

						ликалық бюджет
21.	Телекоммуникациялар саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, АБА	2006 жылғы 3 - тоқсан	7,0	Республикалық бюджет
22.	Электр энергиясын кернеу кластары бойынша сараланған өңірлік деңгейдегі желілер арқылы беру жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеу әдістемесін енгізу (I-кезең)	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭМРМ	2006 жылғы 3 - тоқсан	Жоқ	
23.	Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерінің тұтынушылардың топтары бойынша сұраныс икемділігін анықтаудың әдістемесі мен электрондық үлгілерін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА	2006 жылғы 3 - тоқсан	23,2	Республикалық бюджет
	Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерінің түпкілікті тұтынушылардың			2006 жылғы		

24.	тұтыну құрылымын (үй шаруашылығы) айқындау әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭБЖМ	4 - тоқсан	10,0	Республикалық бюджет
25.	Көпсекторлық теңгерімдік электрондық үлгілердің (5-6 үлгі) кешенін құра отырып, корреспонденттік салалар бағаларының және тарифтерінің өзара әсер етуін айқындау әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы, бағдарламалық өнім	ТМРА, ЭБЖМ, ККМ, ЭМРМ, АБА, АШМ	2006 жылғы 4 - тоқсан	44,7	Республикалық бюджет
26.	Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтері мониторингін электрондық деректер қорын дамыту мен қолдау	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА	2006 жылғы 4 - тоқсан	48,0	Республикалық бюджет
27.	Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қаржылық және техникалық сараптама жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ТМРА	2006 жылғы 4 - тоқсан	350,0	Республикалық бюджет



28.	Аэронавигация қызметтері саласында табиғи монополиялар субъектілері көрсететін қызметтердің сапалық сипат- тамасын ескере отырып, тариф- тер (бағалар, алымдар ставкаларын) есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ККМ	2007 жылғы 3 - тоқсан	5,5
-----	---	---------------------	--------------	--------------------------------	-----

						ликалық бюджет
29.	Табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуді ескере отырып, аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) есептеу әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ККМ	2007 жылғы 3 - тоқсан	3,5	Республикалық бюджет
30.	Электр энергиясын кернеу кластары бойынша сараланған өңірлік деңгейдегі желілері арқылы беру жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеу әдістемесін енгізу (2-кезең)	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА, ЭМРМ	2007 жылғы 3 - тоқсан	Жоқ	
31.	Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесінің негізінде субъектілердің қызметтері мониторингісінің жүйесін құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ТМРА (шақыру), ЭБЖМ, ЭМРМ, ККМ, АШМ, АБА	2007 жылғы 4 - тоқсан	24,3	Республикалық бюджет

32.	Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтері өзгерісінің тарифтерді оңтайлы саралау өлшемдерін (салалық және салааралық индикаторлардың жүйелері) және жиынтықты электрондық үлгіні қалыптастыратырып, экономикаға әсер етуін бағалау әдістемесін әзірлеу	ТМРА-ның бұйрығы, бағдарламалық өнім	ТМРА, ЭБЖМ, ЭМРМ, ККМ, АШМ, АБА	2007 жылғы 4 - тоқсан	34,2	Республикалық бюджет
33.	Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтері мониторингiсiнiң электрондық деректер қорын дамыту мен қолдау	ТМРА-ның бұйрығы	ТМРА	2007 жылғы 4 - тоқсан	48,0	Республикалық бюджет
34.	Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қаржылық және техникалық сараптама жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ТМРА	2007 жылғы 4 - тоқсан	350,0	Республикалық бюджет

### Е с к е р т у :

- Тұжырымдаманы қаржылық қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражатының есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Тұжырымдаманы іске асыруға байланысты қажетті қаржы ресурстары барлығы 1361,8 млн. теңгені, оның ішінде: 2005 жылы - 399,4 млн. теңгені; 2006 жылы - 496,9 млн. теңгені; 2007 жылы - 465,5 млн. теңгені құрайды.

2006-2007 жылдарға арналған шығыстардың көлемдері "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті қаржы жылына анықталады және түзетіледі.

ТМРА - Табиғи монополияларды реттеу агенттігі  
ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі  
ККМ - Көлік және коммуникация министрлігі  
АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі  
ЭМРМ - Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі  
АБА - Ақпараттандыру және байланыс агенттігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ